

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№100 (9162)

1953

жылғы

20

май

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Еңбекшілердің жазғы демалысы

Біздің елімізде еңбек адамының қамын ойлау — мемлекеттік маңызы бар дәрежеге көтерілген іс. Кең-байтақ Отанымыздың орасан зор мемлекеттік байлығы мен колхоз-кооператив меншігі миллиондаған совет адамдарының үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін орындауға бағытталған.

Совет мемлекетінде ең қымбатты капитал — ол кадр, еңбек адамы. Коммунистік партия мен Совет Үкметі қала мен ауыл-село еңбекшілеріне коммунизмнің белсенді құрылысына, ал, советтік жас ұрпаққа халқымыздың болашағы мен үміті деп қарайды.

Қала мен ауыл-село еңбекшілерінің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үнемі арттыра беру ісіне, олардың оқу-білім алып, денсаулығын жақсарту беру ісіне, жаз айларында жақсы тынығуына партиямыз бен мемлекетіміз жыл сайын он миллиондаған қаражат жұмсауда. Сүйікті Отанымыздың теңіздері мен көл, өзен жағалауларына салынған, жасыл орман жамылып, алуан түрлі гүлдермен сәулеттенген, ауасы шыйна көптеген курорттар мен санаторийлер, демалыс үйлері совет адамдарының денсаулығын жақсартуға беру мүддесіне арналып отыр.

Советтік елімізде еңбек адамына аталық қамқорлық жасаудың тамаша фактілерін біздің облысымыздың өмірінен де айқын көруге болады.

Сталиндік Конституция совет азаматтарының еңбек ету правосын қамтамасыз етумен бірге, олардың тынығу правосын да мүлтіксіз жүзеге асырудың қамын ойластырып, оны ұйымдастырып отырады. Қала мен ауыл-село еңбекшілерін демалыс үйлері мен курорт, емдеу орындарына көбірек жіберетін қоғам ұйымдарының бірі — кәсіподақ ұйымдары. Кәсіподақтардың облыстық Советі 1952 жылы демалыс үйлері мен курортқа 3082 адам жіберсе, быйыл 1953 жылы 3500-ден астам адам жібергелі отыр.

Социалистік Отанымыздың бостандығы мен намысын фашизм жеңдеттерінен қорғаған Ұлы Отан соғысының жауынгерлері

ұрпақты қыйыншылықтан тайсалмайтың, оны жеңе білетін, төзімді, батыл, Коммунистік партияның ісіне шексіз берілген етін тәрбиелеуде.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі мұғалімдерді бұрын тарихта болып көрмеген әлеуметтік дәрежеге көтерді. Совет мұғалімі — өзінің жан-жақты білімімен, үлкен мәдениеттілігімен, кіршіксіз адалдығымен жас буынға коммунистік тәрбие беретін ұстаз бола білумен бірге, ол партия мен мемлекет жасаған саясаттың, әресе, ауыл-селолық жерде жалынды үгітшісі, марксизм-ленинизм идеяларының насихатшысы, әлеумет мәселелерін белсене шешуге араласып отыратын қоғам қайраткері болып берік қалыптасты. Ол өзінің білімі, мәдениеті, бақыты үшін халық пен Отан алдында әрқашан борыштымын деп түсінеді.

Облысымыздың таңдаулы оқытушылары — Преснов ауданы, Николаевка онжылдық мектебінің мұғалімі Жұныс Әбішев Сочиде, Чистов астық совхозы мектебінің мұғалімі Болат Ахметов Пятигорскіде, Двоиников жетіжылдық мектебінің директоры Николай Лукашев Турксибте мемлекет қаржысымен демалуда.

Киров атындағы завод үстіміздегі жылы демалыс үйлері мен курортқа 112 адам жіберді. Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады. Завод жұмысшысы Т. Кормин жолдас Сочи санаториянда болып, осы заводтың таңдаулы стахановшылары Л. Барасева, Н. Шестаков, В. Вильзак жолдасстар курортта демалуда.

Жаргілікті партия, совет, кәсіподақ және басқа қоғам ұйымдарының міндеттері — еңбек адамын құрмет-қошеметке бөлей білу, олардың тағдырына партиямыз үйретін отырғандай, деркесінде қамқорлық көрсете білу, еңбек адамының заңды талаптары мен тілектеріне құлақ аса біз мәйгіп төрмөйіндік пен төрешілдікке келіспес күрес жүргізу болып табылады. Курортқа, санаторийге және демалыс үйлеріне алынған жолдамалардан бірде-бір жолдама пайдаланылмай, не кешігіп қалуға тиісті емес.

## Барлық күш-мүмкіншілік егісті тез аяқтауға жұмсалсын

### Озат тракторшылар

Образцовая МТС-нің Қ. Бөкішев жолдас басқарған № 17 трактор бригадасы МТС-те алдыңғы қатарлы бригадалардың бірінен саналады. Быйыл бұл бригада «Орталық» колхозында жұмыс істейді.

Бригада мүшелері көктемгі егіске шығар алдында егістік жерлерді сапалы жұмыстап, егіннен тұрақты және мол өнім алуға жетісуді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойған-ды. Сөйтіп, олар егістің барлық жұмысын агротехникалық ережелерге сай орындап шығу үшін өзара социалистік жарысқа түскен болатын.

Бұл бригаданың мүшелері алған міндеттемелерін іс жүзінде орындап келеді. Бір сүйсінерлік іс бригадада еңбек тәртібі қатаң сақталады. Техника қуаты толық пайдаланылады. Жұмыс күні-түні бірдей істеледі. Егіс бригадасы трактор бригадасына үздіксіз көмектесіп отырады. Тракторларға қажетті су, жанар, жағар майлары кезінде жеткізіліп тұрады.

Трактор бригадасындағы озат тракторшылардың бірі — Е. Жағыпаров жолдас. Ол № 55 «СТЗ» тракторымен көп уақыт тұқым себуге істеді. Норма бойынша сменасына 18 гектар жерге тұқым себу керек болса, оның орнына Жағыпаров жолдас 35—36 гектар жерге тұқым сеуіп, сменалық тапсырмасын 200 проценттен орындады.

Тракторшы К. Едіресов жолдас «С—80» тракторымен жер жырту жұмысында істеді. Ол бір сменада 14 гектар жер жырту орнына 15—16 гектарға дейін жер жырттып, норманы үнемі артығымен орындауды әдетке айналдырды. Жағыпаров жолдас сыяқты Едіресов жолдас та техникалық күтім жағынан тракторын баптап ұстайды.

Бұл күндері колхозда егіс жұмыстары аяқталып келеді. Бөкішев жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері өздеріне жүктелген жауапты міндет — жер жырт

Еңбекшілердің жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыру — партия, совет, кәсіподақ және басқа барлық қоғам ұйымдарының аяулы міндеттерінің бірі болып табылады.

### Өнеркәсіп пен транспортта

## Темір жол торабының таңдаулысы

Михаил Семенович Швидко басқарған паровоз бригадасы локомотивтің техникалық жүріс жылдамдығын арттырып, халық шаруашылығына қажет жүктерді тасуда көрнекті табысқа ие болды.

Коммунист М. Швидконың паровоз бригадасы тек қана апрель айында 30 поезды айналымға беріп, ауыр жүк тиелген 17 состав алып өтті, жолда қосымша су алмастан 26 рет сапарға шықты. Бригада мүшелері апрельде 20 миллион тонна жүк тасып, паровоздың техникалық қуатын пайдала білудің нәтижесінде 28 тонна отын үнемдеді.

Аға машинист Швидко жолдастың паровоз бригадасы 1952 жылы 14544 сом мемлекет қаржысын үнемдеген болатын. Ал, 1953 жылдың алғашқы үш айының ішінде бригада паровозшылары 8935 сом мемлекет қаржысын үнемдеуге жетісті.

Бұл бригаданың паровозшылары Л. Чесноков, Е. Македон, В. Черемных және Д. Казметчук жолдастар паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын арттыру, ауыр жүк тиелген составтарды көп алып өту, жолда қосымша су алмастан сапарға шығу жөніндегі жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

1953 жылдың бірінші тоқсаны бойынша социалистік жарысқа қорытынды шығара келіп, теміржолшылар кәсіподағының Орталық Комитетінің президиумы мен жол қатынасы Министрлігі паровоз шаруашылығының Орталық Басқармасы аға машинист М. С. Швидко жолдасқа «еліміздің темір жол торабының таңдаулы машинисі» деген атақ берді.

Бұл күндері таңдаулы машинист Швидко жолдас басқарған паровоз бригадасының мүшелері жүк тасу жөніндегі бесінші бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

**В. АХРЕМЕНКО,**

Петропавл паровоз депосының операторы.



Маленков атындағы колхозда (Преснов ауданы) жұмыс істейтін № 15 трактор отряды бригадаға берілген егіс жоспарын мерзімінен бұрын аяқтап, көзір екінші бригадаға көмектесуде.  
СУРЕТТЕ: отряд мүшелерінің егіс жұмысының аяқталу қорытындысын талқылап отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Төзгісіз баяулық

Преснов МТС-нің № 4 трактор отряды «Сталин жолы» колхозында жұмыс істейді. Егіс жұмыстары басталғалы тракторлардың қуаты нашар пайдаланылып жүр. Тракторшылар сменалық тапсырманы орындай алмай келеді.

Тракторшы Қоқышев жолдас «ХТЗ» тракторымен бір сменада 18 гектар орнына 7 гектар жерге ғана тұқым себеді. Сол сыяқты, тракторшылар Қожин, Ра-йымбеков жолдастар да егіс жұмыстары басталғаннан бері сменалық тапсырманы орындап көрген емес. Басқа тракторшылар да күндік норманы орындай алмай жүр.

сынған тракторлар қашан жұмысқа қосылғанша сағаттап, кейде тіпті төуліктеп те уақыт өтеді.

Атап айту керек, отряд бригадирі Баймақанов жолдас өз жұмысына жеңіл-желпі қарайды. Ол отряд басында оқатекте ғана болады. Бұзылған тракторлардың бөлшектерін қолма-қол жөндеуге көмектеспейді.

Тракторшылардан машиналарға техникалық күтімді мезгілімен және ұқыпты жасап, сменалық тапсырманы ұдайы толық орындап отыруды талап етпейді. Бригадада көзір еңбек өнімділігі төмен, жұмыстың қарқыны баяу, сапасы нашар.

мен мүгедектерге партия мен үкметіміз зор қамқорлық жасап келеді. Оларға әрдайым ақшадай мемлекеттік көмек көрсетіп отырылады. Ұлы Отан соғысының жауынгерлері мен мүгедектерін курорт және емдеу орындарының жолдамаларымен қамтамасыз етіп отыруды, олардың денсаулық жайын үнемі қадағалап, емдеп отыруды Совет мемлекеті тікелей денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру орындарына жүктеген.

Советтік қоғам — адамның атқаратын қызметінің үлкен-кішілігімен есептеспейді. Еңбек, еңбек сүйіштігі, өзінің адал, қажырлы еңбегімен Отанымыздың экономикалық қуатын бұрынғыдан да нығайтып, оның Отан қорғампаздық қабілетін күшейте беруге бөлсеңе қатысатын. Ленин—Сталин партиясы ісінің салтанат құруына өзінің барлық өмірін, еркін, күш-қайрағын жұмылдыра білген адам колхоз бен совхозда да, мектеп пен заводта да, олар шаруашылықтың қай саласында болса да халық құрметіне бөленулі.

Қаладағы № 2 бастауыш мектептің үй күтушісі Анна Ивановна Суслора, Соколов аудандық оқу бөлімінің үй күтушісі Анна Тимофеевна Григорьева және басқа сондай қарапайым еңбек адамдарының демалыс үйі мен емдеу орындарына көптеп жіберілуі осыған айқын сыпаттама бола алады.

Халық мұғалімінің партия сенімі мен халық сүйіспеншілігіне бөленіп отырғандығына мақтаныш етуі орынды. Совет мұғалімі — еліміздің жастарын сан алуан білімнің негіздерімен қаруландырып, жас

Еңбекшілердің жазғы демалысын ұйымдастырудың түрлі жолдары бар. Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары жергілікті жерлердегі демалыс үйлерінің, парктерінің, кинотеатрлардың, театрлардың, стадиондардың және басқа мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын мейлінше жақсартуға жетісіп, олардың еңбекшілер үшін үлгілі қызмет істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мектептерде оқу жылы аяқталып келеді. Бастауыш мектептердің емтихан беретін 4 класстың басқа кластарында оқу жылы аяқталды. Облысымызда мыңдаған балалар пионерлер лагерлерінде демалатын болады, көптеген балалар туған өлкемізді көріп білуге жорыққа аттанады. Сондықтан комсомол ұйымдары, мектептер мен оқу орындарының басшылары өткен жылғы кемшіліктерді қайталамауға тиіс. Мәселен, 1952 жылы Мамлют, Полудень, Конохов аудандық оқу бөлімдері мен комсомол ұйымдары басшыларының бұл іске жеңіл-желпі қарағандығынан пионерлер лагерлері бірталай уақыт кешігіп ашылған болатын. Пионерлер лагерлері ашылғаннан кейін де ондағы саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі өте төмен болды. Быйыл бұл сыяқты кемшіліктер қайталанбауға тиіс.

Еңбекшілердің жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыру—партия, совет, кәсіподақ және басқа барлық қоғам ұйымдарының аяулы міндеттерінің бірі болып табылады.

## БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

Пионер мен мектеп оқушылары быйыл жазды өте көңілді өткізуге дайындалуда. КВОС-тың қалалар сырғындағы 158 пионер лагерлерінде 70 мыңға жуық бала дем алатын болады. Өте көркем жерлерде — Оралдың жағасында, Ертіс бойында, Шымкентте және басқа қалаларда жаңадан пионер лагерлері ашылады.

Республиканың 10 облысында туризм саяхат базалары ұйымдастырылады. Жоғары кластардың мыңдаған оқушылары жазғы каникулда туған өлкені аралап, қызықты саяхат жасайды. Алматы оқушыларының 47 командасы Іле өзенінің бойында, таяудағы Есік көлі-

не, Алматының мемлекеттік селекциялық станциясына туристік — жорықтар жасайды.

Селолық жерлерде колхозаралық және совхозаралық пионер лагерлері ұйымдастырылуда. Қарағанды облысының өзінде ғана осындай 30 лагерь құрылады.

Жаздағы физкультура-спорт шараларының кең программасы белгіленіп отыр. Республикада жаңадан балалардың 10 спорт мектебі құрылады. Балалар стадиондары салынады. Жазда мектеп оқушыларының облыстық және республикалық спартакиадалары өткізіледі. (ҚазТАГ).

## Колхоздық пионер лагерлері

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Уржар ауданындағы «Красные горные орлы» ауылшаруашылық артелінің комсомолецтері бағалы инициатива көрсетті. Олар колхоздық пионер лагерін ашуды өтініп, артельдің басқармасына тілек қойды. Колхоздың басқармасы бұған қажетті қаржы бөлді. Көзір пионер лагерін ұйымдастыру жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Тарбағатай қырқасының сайындағы лагерь орнайтын көркем жерге құрылыс материалдары тиелген көліктер ағылуда. Быйылғы жазда пионер лагерінде колхозшылардың 150 баласы тынығады.

Облыстық комсомол комитетінің бюросы «Красные горные орлы» ауылшаруашылық артелі комсомолецтерінің бағалы бастамасын мақұлдады. Уржар ауданының «Свободный путь», Вородулиха ауданының «Заветы Ильича», Көкпекті ауданының Киров атындағы, Куйбышев атындағы колхоздары және басқа колхоздардың комсомолецтері бұл инициативаны қолдап отыр. Облыстың көптеген ауылшаруашылық артельдерінде быйылғы жазда колхоздық пионер лагерлері ашылады.

аброймен орындап шықты. Көзір олар басқа бригадаларға көмектесуде.

**Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА,**  
Ленин ауданы, «Орталық» колхозы.

## Мерзімінде, сапалы аяқталды

Петропавл ауданының Буденный атындағы, «Красный пахарь» колхоздары көктемгі егіске үлгілі әзірлікпен кіріскен-ді. Жақсы әзірлік мол өнім күресінде өзінің игі нәтижесін берді.

Бұл колхоздарда қолда бар күш-мүмкіншілік дала жұмыстарына тиімді пайдаланылды. Ауылшаруашылық машиналары жұмысқа толық қуатымен қосылды. Егіс бригадасы мен трактор бригадасының мүшелері тығыз ынтымақпен жұмыс істеді. Міне, осының нәтижесінде аталған колхоздар көктемгі егісте үздік табыстарға жетті. Буларда бидай егу жоспары мерзімінде, сапалы орындалды. Буденный атындағы колхоз 600 гектар орнына 628 гектар жерге бидай септі. «Красный пахарь» колхозы 1100 гектар орнына 1101 гектар жерге бидай септі.

**Е. ЖУЗЕНОВ.**

## Егіс жұмыстарын тез және сапалы аяқтайық

(Тілші хаттарына шолу)

Облыс колхоздарының егіс даласында барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру жолындағы күрес барған сайын қыза түсуде. Көктемгі егісті қысқа мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеде өткізу үшін егіншілер мен механизаторлар социалистік жарысты көңілен өрістете отырып, егіс жұмыстарының сапасын жақсартып, қарқынын арттыруда. Ауыл-село тілшілері өздерінің редакцияға жазған хаттарында міне, осыны хабарлайды.

Тілшілер А. Садықов, О. Мұхаметқалиев, К. Әубәкіров жолдастар Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозында жұмыс істейтін С. Сағитов, Ә. Имарқұлов жолдастар сыяқты тракторшылардың көктемгі егісте табысты еңбек етіп жүр деп жазады.

—Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы), — деп жазады тілшілер Н. Тасмағанбетов, Х. Нақешов жолдастар, — көктемгі дала жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Мұнда егіншілер мен механизаторлар бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істейді. Соның нәтижесінде егіс жұмыстары тез және сапалы атқарылуда. Социалистік жарыста механизаторлар алда келеді. Олар жер жыртуда, тұқым себуде, тырмалауда сменалық норманы артығымен орындап, жоғары көрсеткіштерге жетісуді.

Облыс колхоздарының комсомолецтері мен жастары егіс жұмыстарында зор белсенділік көрсетіп жүр. Бұл жөнінде Ленин ауданынан тілші В. Мұстафин жолдас былай деп жазады:

— Быйыл Ильич атындағы МТС-те

себебі — оларға дұрыс техникалық күтім жасалмайды. Соның салдарынан тракторлар жұмыс үстінде бұзылып, тоқтап тұрады. Ал, бұзылып, тоқтаған машиналар тез жөнделіп, іске қосылмайды. Оларды жұмысқа қосу жөнінде МТС отрядқа тиісті көмек көрсетіп отырмайды. МТС-тің участоттік механигі бұл отрядта мүлде болған емес. Егіс басталғалы көшпелі мастерской да мұнда бірде-бір рет болған жоқ. Сөйтіп,

## Игі нәтижелер

Интернационал МТС-нің № 4 трактор бригадасы (бригадирі Демин жолдас) егіс жұмыстарын табысты аяқтап келеді. Мұнда техниканың қуаты сарқа пайдаланылуда. Осының арқасында бригада механизаторлары смена сайын норманы біржарым, екі есеге дейін артық орындап, тамаша табыстарға ие болып жүр.

Мәселен, тракторшы Пляхих жолдас «СТЗ—НАТН» тракторымен сменалық норманы 200 процентке дейін асыра орындайды. Сол сыяқты, «СТЗ» тракторын жүргізуші Агиев жолдас та тұқым себуде тағайындалған норманы ұдайы артығымен орындауға жетісіп келеді.

Көктемгі егістің шешуші кезеңі өтіп барады. Ал, бұл отрядта тракторлардың қуаты нашар пайдаланылуда. Егіс жұмыстарының күндік, бескүндік графигі орындалмай жүр. Преснов МТС-нің басшылары (директоры Ермаков жолдас) аталған отрядта тракторлардың жұмыс өнімділігін арттыруды қашан қамтамасыз етер екен?

**М. ӘКІМЖАНОВ.**

Вильямс атындағы МТС-тің Н. Морозов жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары егіс жұмыстарын сағаттық графикамен жүргізуде. Бұл механизаторлардың тракторлардың қуатын сарқа пайдалануына, сменалық норманы ойдағыдай орындауына зор мүмкіншіліктер туғызды. Бригаданың механизаторлары станхановтық еңбектің үлгісін көрсетуде. Мұнда тракторшы, Н. Морозов жолдас өзі жүргізетін трактордың қуатын тиімді пайдаланады. Ол 16,8 гектар орнына 30 гектар жерге тұқым себуге жетісті.

**А. ИГНАТЬЕВ.**

№ 18 трактор бригадасында № 71 «С—80» тракторы дала жұмыстары басталғалы жөні бүтін бір күн жер жұмыстаған жоқ. Сол сыяқты, № 72 «С—80» тракторы үш тәулік бойы жұмысқа қосылмай босқа тұрған. Бұл жағдай Булаев МТС-нің басшыларына әбден мәлім. Алайда, олар бригадада тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде нақтылы көмек көрсете алмай жүр. МТС-тің жылжымалы мастерскойлары бұл бригадада өте сирек болады.

Тілшілер В. Скибский жолдас та Преснов ауданындағы Хрущев атындағы колхозда егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар, тұқым себуде агротехникалық ережелердің бұрмалануына жол беріледі деп жазады.

—Егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу, — деп жазады ол, — ең алдымен көктемгі егістің агротехникалық ережелерге сай жүргізілуіне байланысты. Бірақ бұған Хрущев атындағы колхозда жеткілікті мән берілмей келеді. Мұнда жұмысқа жарамсыз сеялқаман 43 гектар жерге бидай дақылдың тұқымы себілген. Осының салдарынан егіс тұқымы жерге дұрыс сіңірілмей қалған.

Егіс жұмыстарында бұл сыяқты кемшіліктерге түзуге болмайды. Демек, ол кемшіліктерді дереу жойып, егіс жұмыстарында агротехникалық талаптарды мұқият сақтау, сөйтіп, егіс жоспарын мінсіз орындау МТС және колхоз басшыларының бүгінгі таңдағы ең басты міндеті болып саналады.

Мастер Е. Граборова жолдас басқарған бригада еңбек өнімділігін барған сайын еселеп арттыруда. Бригада тапсырманы күн сайын 120—130 процент орындап, тек қана мінсіз жоғары сапалы өнім шығаруды қамтамасыз етіп келеді. Еңбек өнімділігін арттыру ісінде өндіріс процесін механикаландыру, мамандықты үнемі арттыра беру үлкен роль атқарады.

Е. Шкутова жолдас қажырлы еңбекпен техника қуатын ойдағыдай ұштастыра білудің нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Ол өзінің уақытын ойдағыдай пайдаланып, машинаның тоқтаусыз жүруіне жетісудің арқасында күнделік нормасын 150—180 процент орындап, озат стахановшылардың қатарында келеді.

Граборова жолдас басқарған бригадада өнім шығарудың нормасын орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Бригада мүшелерінің барлығы өндіріс озаттары болып есептеледі.

Жаңа техниканы меңгеру, таңдап алған мамандыққа деген сүйіспеншілік, өндірістің программаны орындауға бағытталған социалистік жарыс, озаттардың тәжірибелерін қорытып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру — Э. Граборова жолдас басқарған жас қыздар бригадасының негізгі қасиеті. Сондықтан да бұл бригада «Комсомолка» тігін фабрикасында озат бригадалардың алдыңғы сапында келеді.

**Л. КОЛБАСИНА.**

## Парфюмер заппары көп болсын

Сауда қызметкерлері адамдарымызды жан-жақты және мәдениетті түрде қамту ісін бұрынғыдан да жақсарту беру үшін тұтынушылармен байланысын күшейтіп, олардың тілектеріне, заңды талаптарына құлақ асып отыруға тиіс.

Алайда, көпшіліктің күн санап өсіп отырған тілегімен есептескісі келмейтін кейбір дүкеншілер мен сауда орындарының басшылары да бар. Мәселен, орталық жылыту станциясындағы жұмысшыларды жабықтау бөлімінің (бастығы Басин жолдас) № 1 дүкенінде көп уақытқа дейін парфюмер-косметикалық товарлардың 13 түрі, соның ішінде тіс жуатын пасталар, иісті сабындар, порошоктар болмаған.

НОД—2 жұмысшыларды жабықтау бөлімінің (бастығы Бриков жолдас) № 31 дүкенінде иісті сабынның көптеген түрлері және одеколон, тіс жуатын порошоктар қоймадан дүкенге 3 ай бойы әкелінбеген.

Бұл сыяқты кемшіліктердің келешекте қайталануына жол бермеу қажет. Ол үшін сауда орындарының басшылары, дүкеншілер ауыл-село және қаша еңбекшілерінің өскелең тілектерін есепке алып, товарлар ассортиментін көбейтудің қамын үнемі ойластырып отыруға міндетті.

**Х. СУТЮШЕВ,**

Главпарфюмер базасының товароведі,

# Облыстық партия комитетінің пленумы

Қазақстан Коммунистік партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің кезекті, IV пленумы болды. Пленум облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдастың «Қазақстан КП Орталық комитеті пленумының «Партияның XIX съезінің қарарларына байланысты республиканың МТС-тері мен машина-малшаруашылық станцияларының жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі» баяндамасын талқылады.

Баяндаманы облыс машина-трактор станцияларының жұмысына толық талдау жасап, МТС-тердің жұмысының қанағаттанғысыз болу себептерін ашты және олардың жұмысын мейлінше жақсартуды қамтамасыз ететін шараларды атап көрсетті.

—Облысымыздың машина-трактор станциялары,—деді Ниязбеков жолдас,—Совет мемлекеті көрсетіп отырған зор көмек нәтижесінде техника жағынан едәуір өсті, колхоздарға ұйымдастыру-техника жағынан көмегін күшейтті, сөйтіп, қоғамдық өндірісті өсірудің қуатты факторына айналды. Соғыстан бұрынғымен салыстырғанда 1952 жылы облыстың трактор паркі 57,5 процент, ал, комбайндардың саны 66 процент өсті. Техника жағынан жабдықталуының өсуі нәтижесінде бұл жылдары МТС-тер колхоздарда істелетін трактор жұмыстарының көлемін 56,6 процент арттырды.

—Алайда,—деді баяндаманы,—қол жеткен табыспен тынып, МТС-тердің жұмысында, облыстық, аудандық партия, совет және ауылшаруашылық органдарының оларға басшылық жадауында орын алып отырған елеулі кемшіліктерді байқамау үлкен қателік жасағандық болар еді. 1952 жылдың қорытындылары облыс МТС-тері жұмысының қанағаттанғысыз екендігін айқын көрсетті. 31 МТС-тен 22 МТС трактор жұмыстарының жоспарын орындай алмай қалды.

МТС-тер, әсіресе, парды культивациялауда, зябь жыртуда, жерді сыдыра жыртуда, егіс адында культивациялауда және жемшөпті сүрлеуде қанағаттанғысыз жұмыс істеді. Машина-трактор станциялары колхоздармен жасасқан шартта көрсетілген жұмыстарды тиісті агротехникалық мерзімдерде атқара алмады. Механизаторлар ауылшаруашылық жұмыстарының бірде-бір түрін белгіленген агротехникалық мерзімде орындай алған жоқ.

Ниязбеков жолдас механизаторлар арасындағы социалистік жарыс, алдыңғы қатарлы механизаторлар мен трактор бригадаларының жұмысы, партиялық-бұқаралық жұмыс және кадрларды іріктеп алу жөнінде айта келіп, облыстың барлық МТС-терінің жұмысын дереу қайта құрып жақ-

ларына басшылығы өлі де қанағаттанғысыз екендігін сыпаттайды.

—Көктемгі егісті өткізуде Булаев ауданы алда келеді. Егер,—деді Булаев аудандық атқару комитетінің председатели Қизатов жолдас,—машина-трактор станциялары жұмысты тиісті дәрежеде істесе, біздің көрсеткішіміз бұдан да жоғары болар еді. Ауданымызда, әсіресе, Калинин атындағы МТС жұмысты мүлде нашар істейді. Мұнда күн сайын тракторларды үштен бірі босқа тұрады. Станция жұмысты жоспарсыз істейді, мұнда жұмысқа сағаттық график қолданылмайды, бригадалар үшін маршруттар белгіленбеген. МТС агрономдары егіс жұмыстарының сапасын қадағалап отырмайды. Станция директоры Елкин жолдас тракторлардың еңбек өнімділігінің төмен болуының шын себебін білмейді, алдыңғы қатарлы механизаторлардың жұмыс әдісін жыйнақтап, тарату ісімен шұғылданбайды.

Облыстық ұйымдардың облыста қуатты жөндеу базасын салу жұмысымен шұғылданатын уақыты жетті. Мұндай базаның болмауы машиналарды жөндеу жұмысына, күрделі жөндеу жұмыстарын кезінде атқаруға керісінше әсер етпей отырған жоқ. Аудан МТС-теріндегі кәзіргі жөндеу базалары мейлінше нашар жабдықталған, оларда сапалы жөндеу жұмысын жүргізу мүмкіншілік жоқ.

Қизатов жолдас сөзінің соңында механизаторлар арасындағы сапа-бұқаралық жұмыс, социалистік жарысты өрістетуге, таңдаулы тракторшылар мен трактор бригадаларының жұмыс тәжірибелерін жыйнақтап, насихаттау мәселелері жөнінде айтты.

Ленин аудандық партия комитетінің секретары Плевано жолдас пленумға қатынасшыларға ауданның алдыңғы қатарлы механизаторларының жұмысы жөнінде баяндады. Колхоздарда техниканы жете меңгерген тамаңша механизатор кадрлары тәрбиеленіп өсірілді. Барлық тракторшылары жоғары көрсеткіштерге ие болған трактор бригадалары да көптеп саналады. Образцовая МТС-нің «Новый путь» колхозында істейтін Опарин жолдас басқаратын трактор бригадасы өткен жылы әрбір трактормен 700 гектардан аса жер жұмыстан, көп жанармай үнемдеді. Быйлығы жылдың көктемгі егісінің өзінде ғана Опарин жолдасының бригадасы әрбір трактормен 160 гектардан аса жер жұмыстан, бір тоннадай жанармай үнемдеді, жұмысты жоғары агротехникалық дәрежеде атқарды.

Колхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау ісінде аудан МТС-терінің ролі едәуір артты. Бұл жөнінде, әсіресе, Пляч атындағы МТС ойдағыдай жұмыс істеуде. Ол кәзіргі өзінде колхоздардың тұрақты

Механизаторлар үшін жақсы жабдықталған дала қостары жасалды, олар не қазеттің бәрімен қамтамасыз етілген. Егіс жұмыстарында жүрген механизаторлар мен колхозшылар үшін үнемі лекциялар оқылып, әңгімелер өткізіледі. Мәдени-бригадалар жұмыс істейді.

—МТС-тердің көктемгі егіс кезінде жұмысты нашар істеуінің негізгі себебі,—деді Долженко жолдас,—техниканы жұмысқа қанағаттанғысыз әзірлеуде. Ауданымызда көп машиналар егістің басталуына әзірленбеді. Кәзіргі өзінде біраз тракторлар мастерскойларда тұр.

Мұнымен бірге, Долженко жолдас МТС-терді жанар және жағар маймен жабдықтау ісін тәртіпке келтіру, жақсы жабдықталған жөндеу базаларын ұйымдастыру, МТС-терді маман кадрлармен нығайту мәселелеріне тоқталды.

Облыстық комсомол комитетінің секретары Еглетченко жолдас өзінің сөзін жас механизаторлардың жұмысына, оларға зор көмек көрсету қажеттігіне, комсомол ұйымдарының көктемгі егіс кезіндегі жұмысына арнады.

Приешім аудандық партия комитетінің секретары Орлов жолдас Приешім аудандық партия комитеті жөнінде баяндамада айтылған сын пікірді мойындап, аудандық комитеттің машина-трактор станцияларының жұмысына басшылықты қалай жақсартатындығы туралы айтты. Мұнымен бірге, Орлов жолдас механизатор кадрларын даярлауды жақсарту туралы мәселеге тоқталды.

—Біздің ауданымызда,—деді ол,—механизаторлар даярлайтын облыстық мектеп бар. Бұл мектептің жұмысына көптеген мемлекет қаржысы жұмсалады. Бірақ, мектеп маман кадрлар даярлап бере алмай тұр. Мектептің оқытушылар құрамының білім дәрежелері мейлінше төмен. Демек, олар оқушыларға тиісті дәрежеде білім бере алмайды. Бұл мектепке нақтылы көмек көрсету қажет.

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Давыдов жолдас МТС басшыларының көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу жұмысына жауапсыз қарайтындығын айтты.

—Жыл сайын,—деді ол,—машиналар сапасыз жөнделеді. Машиналарға жарамсыз бөлшектер орнатылады, ал, мемлекеттік комиссиялар ондай кемшіліктерді аңғармайды. Тракторлар егістің алғашқы күндері-ақ бұзылып, бороздаларда тұрып қалады. Олар жұмыс үстінде тез жөндеу қоймайды. Осының салдарынан егіс жұмыстары уақыт созылады.

Біздің колхоз шөп жыйнауға әзірлікті өрістетті. Бұл жұмыста МТС бізге зор көмек көрсетуге тиіс. Бірақ, машина-трактор

лестуге, еңбекақы төлеуге қаржыны орынсыз көп артық жұмсап жүр. Мұның барлығы МТС-тер мен облыстық ауылшаруашылық басқарманы басшыларының смета-финанс тәртібін мүлтіксіз орындау үшін жеткілікті күрес жүргізілетіндігін дәлелдейді.

Көптеген МТС-тердің директорлары ішкі резервтерді пайдалану мәселесімен шұғылданбайды, аласыларын іздестіріп алмайды. Бұл жөнінде, әсіресе, Семишолка, Конавалов, Майбалық, Сартомар, Интернационал машина-трактор станцияларында жағдай мүлде нашар.

—Облыстық ауылшаруашылық басқармасы,—деді Применко жолдас,—финанс тәртібін бұрмалаушыларға қарсы батыл күрес жүргізуге тиіс.

Бұлардан басқа жарыссөзде Совет аудандық партия комитетінің секретары Понимарев, облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Синичин, Соколов аудандық партия комитетінің секретары Брикунов жолдастар сөз сөйледі.

Жарыссөздің соңында облыстық партия комитетінің секретары Бобров жолдас сөз сөйледі.

—Ауыл шаруашылығын бұдан былай да өркендете беруде,—деді Бобров жолдас,—машина-трактор станциялары үлкен орын алады, олардың ролі жыл сайын өлшеусіз артып келеді.

Кейбір МТС-тердің директорлары станцияның жұмысына шебер басшылық жасайды, трактор паркінің өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, жұмыстың өзіндік бағасын көміте беруге, мемлекет қаржысын, жанармайды, заңас бөлшектерді көптеп үнемдеуге, заттай ақы жыйнау жоспарының мерзімінен бұрын орындалуына жетісін отырады.

Бобров жолдас Вильям атындағы, Интернационал, Суворов атындағы және Конавалов МТС-терінің жұмыстарын мысалға келтіріп, бұл МТС-тер біркелкі және техника күшінің тең жағдайында жұмыс істесе де олардың көрсеткіштері өртүрлі болып отырғандығын айтты.

Интернационал МТС-інде 66 трактор Вильям атындағы МТС-те 73 трактор бар, бұлардың трактор жұмыстарының жоспары да бірдей. Ал, Интернационал МТС өткен жылы жұмыс жоспарын 109 процент орындады да Вильям атындағы МТС жұмыс жоспарын небары 96 процент-ақ орындады. Интернационал МТС-інде әрбір 15 аттың күш бар трактормен 530 гектар, ал, Вильям атындағы МТС-те 468 гектар жер жұмыс істеді. Мұнымен бірге, Интернационал МТС 27 тонна жанар май үнемдеп, әрбір гектар жерді жұмыстаудың түсер бағасы жоспардағыдан арттырған жоқ. Вильям

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАВАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 май (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі бүгін Корей халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні орталық майданның екі учас-

тогінде дұшпанға қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргіздеу болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, төрт самолетін зияндады.

## Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздер

ПЕКИН, 16 май (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі бүгін Кэсоннан мынадай хабар берді:

Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы мынадай мазмұндама жариялады:

Екі жақтың делегацияларының 16 майдағы мәжілісінде корей-қытай жағы делегациясының басшысы генерал Нам Ир кәзіргі келіссөздердің негізін нашарлатуға тырысқан екінші жақтың өрекетін батыл айыптады. Тікелей еліне қайтарылмайтын соғыс тұтқындарын, деп көрсетті генерал Нам Ир, олардың еліне қайтарылуы туралы мәселені әділетті шешу үшін, бейтарап мемлекеттерге тапсыру кәзіргі келіссөздердің екі жақ келісіп белгілеген негізі болып табылады. Алайда, екінші жақтың 13 майдағы ұсынысында ешқандай дәлелсіз: корей Халық армиясының тікелей еліне қайтарылмайтын соғыс тұтқындары екінші жақтың соғыс бақылауындағы ауданда «сол жердің өзінде босатылуға» тиіс дейтін қыйсысыз ереже ұсынылды. Екінші жақтың осы ұсынысы, тікелей еліне қайтарылмайтын тұтқын қытай халық еріктілерінің еліне қайтарылуына күшпен бөгет жасағандық немесе оларды зорлықпен тоқтатып қалдырғандық болып табылатын шаралардың қорғанылуын көздейді.

Мұнымен бірге, екінші жақтың талай рет дәлелдегеніндей, оның өзі ризалық білдірген келіссөздердің бүкіл негізінен толық бастартқандық болып табылады, мұның өзі келіссөздер жүргізуші жақтардың басты-басты мәселелер мен егжей-тегжейлі істерді талқылауға және шешуге кірісуіне бөгет жасайды.

Екінші жақ генерал Нам Ирдің бұл

мәлімдемесіне жауап қайтармады, алайда, әкімшілік істердің болуы себепті, делегациялардың мәжілістерінде 20 майға дейін үшкүндік үзіліс жасауды ұсынды.

Онан кейін сөз алған генерал Нам Ир корей-қытай жағының Кореяда уақытша бітім жасау үшін қалай да көп еңбек еткенін соғыс тұтқындарын еліне қайтару шаралары, оның мерзімі және жолдары жөнінде тезірек ікімге келіп қана қоймай, оның үстіне екі жақ бұған дейін келісіп белгілеген келіссөздердің негізімен санасып, екінші жақтың бұл талапты қабылдауға мүмкіндігі болған шаралардың бәрін қолданғанын, сол сияқты, екі нақтылы ұсыныс жасағанын айтты. Егер, екінші жақ, өзінің мәлімдегеніндей, Кореяда уақытша бітімді тез жасауды ұсынса, оның өзінің кәзіргі келіссөздердің негізін нашарлату мақсатын көздейтін қыйсысыз ұсынысын, сол сияқты, соғыс тұтқындарын күшпен тоқтатып қалуды көздейтін өзі ұсынған шараларды қабылдауға талап етуге ешқандай дәлелі жоқ.

Қорытындысында генерал Нам Ир екінші жақтың, әкімшілік істердің негізі себепті үш күндік үзіліс жасау туралы ұсынысына ризалық білдірді. Ол екінші жақтың өз позициясын байсалдылықпен қарауын, келіссөздердің негізін нашарлататын өзінің қарсы ұсынысын қайтып алуын және корей-қытай жағының ұсынысы негізінде Кореяда уақытша бітім жасау туралы келісімге қол қоюға тез арада ризалық білдіруін ұсынды.

Екі жақтың делегацияларының мәжілісі 20 майда таңертең сағат 11-де жаңадан басталады.

## ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ

ПАРИЖ, 18 май (СОТА). 16 және 17 майда Парижде Францияның Ұлттық бейбітшілік советінің мәжілісі болған. Онда бейбітшілікті қорғаудың Венада болған халықтар Конгресінің қарарларына жүзеге асыру туралы Эмманюэль Д'Астье де ля Вижери баяндама жасаған. Баяндамашы Бейбітшілік Шар

Ұлттық бейбітшілік советі бірауыздан қарар қабылдап, онда халықаралық шиеленісуді өлсірететін, жаппай немесе жартылай келісімге жеткізетін әрбір демесінді, әрбір қадамды, қандай да болсын инициатива мен қандай да болсын адал ниетті қолдауға шақырды.

Қарарға француздардың басым көпші-

тоқталды.

Баяндама бойынша жарысөз басталды. Жарысөзге шығып сөйлеген жолдастар, техниканы дұрыс пайдалана білу, машиналарды кезінде және сапалы жөндеу, кадрларды іріктеу және орналастыру, МТС-тер атқаратын жұмыстардың сапасын жақсарту мәселелеріне баса назар аударып, жұмыста орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізді.

Петропавл аудандық комитетінің секретары Қабдунасов жолдас аудан колхоздарында егіс жұмыстарының барысын айта келіп, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмай отырған МТС-тердің жұмысының қанағаттанғысыздығы жөнінде мысалдар келтірді, МТС-тер егіс жұмыстарын ұзаққа созуда, мал шаруашылығында еңбекті көп тілейтін жұмыстарды мүлде қанағаттанғысыз механикаландыруда.

—Біздің ауданымыз,—деді Қабдунасов жолдас,—қаланы овощпен және картоппен қамтамасыз етуде үлкен орын алады. Ауданымыз облыстың барлық овощ егісі жоспарының жартысын және картоп егісі жоспарының 25 процентін орындайды. Бұл жағдайда МТС-тер аталған істе колхоздарға ерекше зор көмек көрсетуге тиіс еді. Алайда, МТС-тер колхоздармен жасасқан шартта көрсетілген овощ егу, картоп отырғызу жөніндегі міндеттемелерін жыл сайын орындай алмай келеді, олар бұл жөнінде аталған жұмысқа қажетті техника жоқ деген бөгде сөзбен бетке ұстайды.

Бұдан кейін Қабдунасов жолдас машина-трактор станциялары басшыларының шөп жыйнау, суландыру жүйелерін тазарту, қойларды электр қуатымен қырку, жем-шөп сүрлеу жұмыстары жөнінде колхоздармен шарт жасасын, оны орындауға үстірт қарайтындығын және алған міндеттемелерін үнемі орындамайтындығын сынады.

—МТС-тердің жұмысындағы орын алып отырған бұл кемшіліктер,—деді Қабдунасов жолдас,—облыстық ауылшаруашылық басқармасының машина-трактор станция-

Мәселен, Сталин атындағы колхозда осы МТС механизаторларының көмегімен көкшөп конвейері ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде колхоздың сауын сыйырлары 15 июньден 1 ноябрьге дейін көкшөптен азықтандырылып, сүт мол сауылатын болады, ал, бұл жағдай колхоздың кірісін мөлайға түседі.

—МТС-тердің жұмысының нашар болуы,—деді Илевако жолдас,—көп жағдайларда олардың запас бөлшектерімен жеткіліксіз жабдықталуына, тракторлар мен басқа да машиналардың сапасыз жөнделуіне байланысты. Алайда, облыстық ауылшаруашылық басқармасы да, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі де бұл жағдайды түзеу үшін шешуші шара қолданбай келеді.

Илевако жолдас облыстық ауылшаруашылық басқармасын колхоз рационализаторларының жұмысын жете бағаламайтындығы, олардан бойын аулақ салатындығы үшін сынады. «Путь к социализму» ауылшаруашылық артелінің колхозшысы Потапов жолдас астық тазалағыш ойлап шығарды. Бұл машина колхозға зор көмек көрсетті. Бірақ, облыстық ауылшаруашылық басқармасы өнер тапқан колхозшының игілікті ісіне көңіл аудармады.

Полудень аудандық Советі атқару комитетінің председатели Засыпкин жолдас өзінің сөзін машина-трактор станцияларын маман кадрлармен нығайту мәселесіне арнады. —Полудень МТС-інде,—деді ол,—техника жағынан сауатты бірде-бір маман жоқ.

Мұнымен бірге, Засыпкин жолдас ауданда жаңа машина-трактор станциясын ұйымдастыру қажеттігін, бұл үшін мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін айтты.

Преснов аудандық партия комитетінің секретары Долженно жолдас механизаторлар арасындағы саяси-буқаралық жұмыстар жөнінде баяндады. Аудандық партия комитеті егіс басталар алдында трактор бригадаларын толықтыру, коммунистерді жұмыстың шешуші участоктеріне бөлу жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Кәзір трактор бригадаларында 66 коммунист және 165 комсомолец жұмыс істеп жүр-

ліксіз болып отыр. МТС-тер мен облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшылары бұл жағдайды біле тұра әрбір тракторды шөп жыйнауға қажетті тіркеу саймандарымен қамтамасыз ету үшін тиісті шара қолданбай келеді.

Октябрь аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко жолдас аудан машина-трактор станцияларының бай техниканы қанағаттанғысыз пайдаланып отырғандығын айтты. Аудан МТС-тері трактор жұмыстарының жоспарын жыл сайын орындай алмай отыр, олар егіс жұмысын ұзаққа созып, егін өнімін төмендетуде.

Біздің ауданда, әсіресе, Коновалов МТС-інде тракторлардың босқа тұруы мейлінше көп. Бұл МТС-тің директоры Ларионов жолдас жұмысты нашар істейді. Ол мемлекетті алдан, көзбояушылыққа салынады. Аудандық комитет бұл лайықсыз істері үшін оған қатаң егіс жариялады.

Октябрь ауданы көктемгі егісті өткізуде артта қалып отыр. Біз бұл олқылықтан арылып, егіс жоспарын орындап шығу үшін барлық шараларды қолданудамыз.

Ворошилов атындағы МТС ауданымыздағы таңдаулы машина-трактор станцияларының бірінен саналады. Аудандық партия комитеті озаттардың жұмыс тәжірибесін кең таратып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру ісімен шұғылданулы.

Кундеренко жолдас сөйлеген жолдас-тардың кадрларды даярлауды жақсарту, қуатты жөндеу базасын ұйымдастыру қажеттігі жөніндегі ұсыныстарын қолдады.

Мемлекеттік банктің облыстық мекемесінің басқарушысы Применко жолдас өзінің сөзін мемлекет қаржысын үнемдеп жұмсау мәселесіне арнады.

—Көптеген МТС-тердің басшылары,—деді Применко жолдас,—мемлекет қаржысын талан-таражға салады. Облыс МТС-тері өткен жылы трактор жұмыстарының жоспарын орындамады, соған қарамастан бір миллион үш жүз мың сомнан аса мемлекет қаржысын артық жұмсады.

МТС басшылары жанармай сатып алуға, запас бөлшектерді жөндеуге және әзір-

на жанар майды артық жұмсап, трактор жұмыстарының түсер бағасын едәуір арттырды, заттай ақы жыйнау жоспарын орындамады, бюджеттегі қаражаттың көп артық жұмсалыуына жол берді.

—Бұл мысалдар,—деді Бобров жолдас,—егер барлық МТС-тер 15 аттың күші бар әрбір трактормен Интернационал МТС-індегідей жұмыс істесе, жұмсақ жерге айналдырғанда қосымша 100 мың гектардай жер жұмысталатыны, мұның өзі МТС-тердің колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемелерін мерзімінде орындауы және машина-трактор станцияларының финанс жағдайының жақсаруын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Бобров жолдас облыстық машина-трактор станцияларының өткен жылғы және көктемгі егіске әзірлік кезіндегі жұмыстарына қорытынды жасай келе, МТС басшыларын техниканы егіске нашар әзірлегені және оны нашар пайдаланатындығы үшін, алдыңғы қатарлы механизаторлардың жұмыс тәжірибелерін жыйнақтап, таратпайтындығы үшін, механизатор кадрларын даярлаудың және қайта даярлаудың қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отырғандығы үшін сынады.

Бобров жолдас бірқатар партия, совет органдарының, облыстық ауылшаруашылық басқармасының МТС-тердің жұмысына басшылық дәрежесі әлі де төмен екендігін атап көрсетті.

Көптеген МТС-тердің жұмысының қанағаттанғысыз болуының ендігі бір себебі бірқатар машина-трактор станциялары директорларының партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмапайтындығында болып отыр.

Бобров жолдас сөзінің соңында МТС-тердің жұмысында орын алып отырған барлық кемшіліктерді батыл және тез жою, көктемгі егіс кезінде машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту, егін жыйнауға үлгілі әзірлену және колхоздардың мал шаруашылығын өркендетуде МТС-тердің ролін арттыру қажеттігін атап көрсетті.

Пленум талқыланған мәселе жөнінде тиісті қаулы қабылдады.

ып жасау туралы бес ұлы мемлекетке Конгрестің жіберген ұсынысын қолдауды өтінген бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі комиссияның хатына осы уақытқа дейін француз үкметінің жауап бермей отырғандығын атап көрсетті.

**АҒЫЛШЫН ШАХТЕРЛЕРІ БЕЙБІТШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТУДЕ**

ЛОНДОН. (СОТА). Порткаулде жыл сайын өтетін Оңтүстік Уэльс тау кеншілерінің конференциясында Кореядағы соғысты дереу тоқтатуға және ол жердегі барлық шетел әскерлерін алып кетуге шақырған қарар қабылданған. Сол сыяқты, қарарда бейбіт жолымен халықаралық мәселелерді реттеу мақсатымен бес ұлы мемлекеттің кеңесін шақыруды талап еткен.

Конференцияда совет шахтерлері де-

лгі Индо-Қытай мен Кореядағы соғысты тоқтатуды, келіссөздер жүргізу арқылы герман мәселесін реттеуді, қару-сыздандуды, бес ұлы мемлекет басшыларының кездесуін және өзара келісуін тілейді.

**ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ СОҒЫС ФРАНЦИЯҒА ҚАНШАҒА ТҮСПІ ОТЫР?**

ПАРИЖ, 18 май (СОТА). «Юманите» газеті «Индо-Қытайдағы соғыс Францияға қаншаға түсіп отыр?» деген заголовокпен бүгін мақала жариялады.

Мақалада ресми алынған мәліметтерге ғана қарағанда, алты жыл жеті айдың ішінде Франция Индо-Қытайдағы соғыстан 2100 миллиард франк шығынға ұшырағандығы айтылған. Мұның үстіне ізі-түсі бүркемеленген әртүрлі шығындарды қоса есептегенде шығындардың жалпы мөлшері 3950 миллиард франкке жетеді. Мұнан басқа француз мемлекеті Индо-Қытайдың ішкі байлықтарын пайдаланумен байланысты әртүрлі француз трестеріне жыл сайын «айрылған позициядан тартқан шығынның орнын толтыру үшін» деген сылтаумен жүз миллиард франк төлеп отырады. Мұнымен

легациясының басшысы Шёлахин сөз сөйлеген. «Дейли уоркер» газетінің хабарына қарағанда, совет халқы ағылшын халқымен тату тұрғысы келеді деген Шёлахиннің мәлімдемесін жыйналған, дар ду қолшапалақтаумен қарсы алған. Шёлахиннің еңбек қорғау шаралары туралы және совет тау кеншілерінің денсаулығы туралы айтқан әңгімелері конференцияға қатысушылардың үлкен назар аударуын тудырған.

қатар, француздың казначейлігіне жыл сайын жүз миллиард франк төленеді. «Сондықтан,—деп қорытады газет,— Индо-Қытайдағы соғыс француз салық төлеушілеріне жыл сайын 800 миллиард франк немесе күніне 2 миллиард 200 миллион франк болып қалтасынан шығып отырады».

Индо-Қытайдағы соғыстан француз монополиялары баюда. «Юманите» «экспедициялық корпуспен бүркемеленіп Индо-Қытайды талауға ұшыратып отырған 45 француз компаниялары 1946 жылы 542 миллион франк пайда келтірсе, 1950 жылы 10 миллиард жүз миллион франк пайда келтірді. 1951—1952 жылдарда Индо-Қытай банкісі соғыстан түсіретін пайданы 24 процент арттырды».

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАЗОВ.**

**Жаңа астықты қабылдауға әзірленуде**

Республиканың элеваторлары мен дайындау пункттерінде жаңа астықты қабылдауға кеңінен әзірлік жүргізілуде. Барлық жерде де қоймалар, двигателдер, таразы шаруашылығы, лаборатория жабдықтары, темір жол табандары, пункттерге кірегін жолдар жөндеуде. Қызылорда облысында қоймалар күрделі жөндеуден өтті. Жамбыл облысында көптеген астық қоймалары әзірленді. Жаңа астықты қабылдауға даярлық жұмыстарын Щучье мен Жаң

ғызтөбе пункттерінің, Семейдегі астық жөнелтетін базаның, Жаркөл элеваторының және басқаларының коллективтері графиктегі мерзімнен бұрын орындауда. Жөндеуге тиісті 124 астық келтіргіштен кәзірдің өзінде 90-нан астамы жұмысқа дайын тұр.

Заготзерно пункттерінде кең көлемде жаңа құрылыстар салынауда. 13 элеватор, ондаған астық қоймалары салынып жатыр. Алдағы астық дайындау маусымында жаңадан 27 қойма және Сары-

өзек элеваторының бірінші кезегі іске қосылады.

Заготзерноның пункттері жаңа механизмдермен жабдықталуда. Бұрынғыларға қосымша ондаған жылжымалы транспортерлер, астықты өзі тиелгіштер, вагоннан астық түсіргіштер, айналмалы лебедкалар орнатылуда. Электр шаруашылығына 40 көшпелі электр станциялары мен двигательдер қосылады. 7 ірі қоймада Бүкілодақтық ғылыми-

зерттеу астық институтының бір топ ғылыми қызметкерлері жасаған қатты желдеткіш, аппараттары орнатылады. 20 қойманы комплексті механикаландыру жұмысы басталды. Бұларда астық тиетүсіру жұмыстарының бәрі машинамен орындалады. Быйыл республиканың дайындау пункттерінде астық тиетүсіру жұмыстарының төрттен үші механизмдердің көмегімен орындалатын болады.

(ҚазТАГ).

Петропавл станциясы стрелка тазартушылар даярлайтын курсқа оқушылар қабылдайды. Қабылданғандарға стипендия төленеді, киім-кешек, отын және тегін поезд билеті беріледі. Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде станцияның кадр бөлімінен келіп түсінік алуға болады.

Қалалық сүт зауытына ат күтуші және жұмысшылар КЕРЕК. Адрес: Күйбышев атындағы көше, 51-үй. (Ой қала), сүт зауытының кеңсесі.

**Киноларда**

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АДМИРАЛ УШАКОВ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«СТЕПАН РАЗИН»

Сеанстар сағат 1-30, 10-да басталады.